

Бекітемін:

ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы

Әдіскері: Д.Б.Т. Ж. Балтабаева

2025жыл

Білім беру ұйымы: "Ақбөбек" балабақшасы

Топ: "Құлпытас" мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Педагогтың аты-жөні: Утегенова Г.Ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 1 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.09.2025ж	Сейсенбі 02.09.2025 ж	Сәрсенбі 03.09.2025ж	Бейсенбі 04.09.2025ж	Жұма 05.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		«Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. Коммуникативтік дағдылар	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі Әлеуметтік дағдылар, экологиялық тәрбие	Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру, Жедел қызметтің телефон нөмірлері, терезе алдына шыкпауға үйрету қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі

			дамыту Бір тұтас тәрбие		
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Қаржылық сауаттылық Ойын атауы: «Дүкен» Мақсаты: Ақ	Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ойын атауы: «Шындық пен өтірік»	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Ойын атауы: «Асық ойыны» (жеңілдетілген нұсқа) Мақсаты: Ұлттық	Адалдық әліппесі Ойын атауы: «Жоғалған ойыншық» Мақсаты: Балаларды адалдыққа

		ша туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, санауды үйрету. Құралдар: Жер (мысық, ит, бала, ойыншықтар). Ойын барысы: Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар. Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады. Тәрбиеші «артық ақша қалды ма, әділ төледің бе?» деп бағыт береді.	Мақсаты: Балаларды адалдыққа тәрбиелеу, шындықты айтуға үйрету. Құралдар: Суреттер (мысық, ит, бала, ойыншықтар). Ойын барысы: Тәрбиеші суретті көрсетіп, қасақана қате айтады («мынау ит емес, мысық»). Балалар қатесін тауып, дұрыс жауап береді. «Адал бала әрқашан шындықты айтады» деп бекітеді.	мұраға қызығушылық тудыру, дәлдікке, ептілікке үйрету. Құралдар: Асықтар, сақа. Ойын барысы: Балалар кезекпен асық атады. Қайсысы асықты дәл түсірсе – сол жеңімпаз. Тәрбиеші «ұлттық ойын – халқымыздың қазынасы» екенін түсіндіреді.	баулу, бір-бірінің затын рұқсатсыз алмауға үйрету. Құралдар: Қуыршақ немесе ойыншық. Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықты ортаға қойып: «Бұл ойыншықтың иесі жоқ сияқты. Не істейміз?» – деп сұрайды. Балалар: «Иесіне қайтарамыз», «Тәрбиешіге апарамыз» деп шешім айтады. Соңында тәрбиеші: «Адал бала – әрқашан жоғалғанды иесіне қайтарады» деп бекітеді.
--	--	---	---	---	---

[illegible]

	әңгімесін оқып бөлек қораптарға береді. Сұрақ-жауап – кейіпкерлерді атау, оқиғаның немен аяқталғанын талқылау. Суретпен жұмыс – сурет бойынша әңгімелеу: «Бұл бала не істеп жатыр? Ол кімге көмектесті?» Қимыл-қозғалыс ойыны – «Бағбаншылар» (балалар гүл егіп, су құйып жатқандай қимыл жасайды). Қорытынды – еңбектің маңызы туралы	бөлек қораптарға салады. «Кім тез?» – пішіндерден дөңгелек пен төртбұрышты тез табу. Сауат ашу негіздері Сызықтар мен штрихтар салу Мақсат: Түзу және қисық сызықтар жүргізуді үйрену. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Әдіс: Дәптермен жұмыс, сызық сызу. Тапсырма: Дәптерде жоғарыдан төмен түзу сызық сызу. «Жаңбыр жауды» ойыны – нүктелерді сызықпен қосу.	Әңгімені еске түсіру – суреттерді ретімен қойып, балалардан мазмұнын айтқызу. Әңгімелету – бір-екі балаға әңгіме желісін баяндатып, тенеулер қолдануға жетелеу (мысалы: «гүл күндей жайнады», «су мөлдір моншақтай тамшылады»). Шығармашылық жұмыс: Балалар бақша, гүл немесе ағаштың суретін салады. Салған суреті бойынша қысқа әңгіме құрайды («Менің бағбан атам бар. Ол...») Дидактикалық ойын – «Қайда өседі?» (балаларға әртүрлі сурет көрсетіледі: гүл, ағаш, көкөніс – қай жерде өсетінін	бөлік, қол шапалақтайтындар – екінші бөлік. Қорытынды: Жыын – көп заттан тұрады, оларды біріктіруге болады. Қазақ тілі Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту Мақсат: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Сөздегі дыбыстардың орнын (басында, ортасында, соңында) табуға үйрету. Тапсырмалар: «Дыбысты тап» ойыны – тәрбиеші сөз айтады, балалар дыбыстың орнын анықтайды.
--	---	---	--	--

			әңгімелеу, балаларға: «Сендер үйде ата-аналарыңа қалай көмектесесіңдер?» деген сұрақ қою. Сауат ашу Сөз және дыбыс ұғымы Кіріспе: Балаларға әртүрлі сөздер айту (ана, ойыншық, алма). «Сөз неден тұрады?» деп сұрау. Максат: Сөздің дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Дыбысты естіп, ажыратуға	Дене тәрбиесі «Шымыр бала – дені сау» ЖДЖ: Қолды иыққа қою, айналдыру; қолды жанға созып, алға еңкею; аяқ ұшына көтерілу. Негізгі қимыл: Аяқтың ұшымен жүру; екі-екіден сапқа тұру. Ырғақтық жаттығу: Әуен ырғағымен алақан соғу, тізені көтеріп жүру. Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр қуырмаш». Мәдени-гигиеналық дағды: Тіс тазалау әдетін бекіту. Сауықтыру	табады). Қорытындылау – еңбектің қуанышы мен пайдасын атап өту. Балаларды табиғатты қорғауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Математика негіздері Жиынды бөлу Кіріспе: Бір қорап қарындашты көрсету. «Бұл жиын ба?» деп сұрау. «Оны қалай бөлуге болады?» деген ой тастау. Максат: Жиынды бөліктерге бөлуді үйрету. Бүтін мен бөліктің арасындағы байланысты түсіндіру. Әдіс-тәсілдер: Тәжірибелік жұмыс, ойын,	Жаңылтпаш айту («Балпаң-балпаң басып жүр, балапаным, басып жүр»). Қоршаған әлеммен таныстыру Мен кімін? Менің отбасым Максат: Баланың өзін тұлға ретінде тануына көмектесу. Отбасы мүшелерін атау, олардың рөлін түсіну. Әдістер: Сұрақ-жауап, әңгіме, сурет көрсету. Тапсырмалар: «Отбасым суретте» – отбасының суретін салып, таныстыру. «Кім не істейді?» ойыны – әр отбасы мүшесінің міндетін
--	--	--	--	---	---	--

		үйрету. Әдіс: Тыңдау, сұрақ-жауап, ойын. Тапсырма: «Дыбысты тыңда» ойыны – тәрбиеші дыбыс айтады, балалар сөз ойлайды. Дене тәрбиесі «Жүгіреміз, ойнаймыз» ЖДЖ: Қолды жоғары көтеріп, кезекпен жанға түсіру; белге қою; денені оңға-солға бұру. Негізгі қимыл: Тізені жоғары көтеріп жүру; белгі бойынша	шарасы: «Желді сеземіз» (қолды жайып, терең дем алу). Тіл дамыту Дауысты дыбыстарды дұрыс айту Максат: Ана тіліндегі дауысты дыбыстарды (а, о, ұ, ү, е, ы, і, ә, і) дұрыс айтуға үйрету. Дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Әдіс-тәсілдер: Артикуляциялық жаттығулар, өлең жолдарын айту, жаңылтпаш. Тапсырмалар: «Дауыстап айт» ойыны – суреттегі	топпен орындау. Ойын-жаттығулар: «Бөл де сал» – қарындашты қызыл, жасыл бөлікке бөлу. «Жемістерді бөліп ал» – суреттегі жемістерді бөлу: алма бөлігі, алмұрт бөлігі. Музыка «Күзгі жапырақтар биі» Музыка тыңдау: Жай вальс – жапырақтың сыбдыры. Ән айту: «Сары жапырақ» (жеңіл қайталамалы ән). Қимыл: Балалар қолдарын жапырақ сияқты жай қимылдатады. Би: «Жапырақтар» ойыны – әуенге сай еркін қимыл. Аспап: Сылдырмақпен жапырақ түскендей дыбыс шығару	айту. Музыка «Қуыршақтар мерекесі» Музыка тыңдау: Көңілді би әуені. Ән айту: «Қуыршақ» әні. Қимыл: Балалар қуыршақ болып қозғалады (отыру, қолды сермеу). Би: Қуыршақ биі (шеңбер ішінде). Аспап: Қоңыраумен қуыршақ жүрісін сүйемелдеу.
--	--	---	--	--	---

			бағытты өзгерту. Ырғақтық жаттығу: Өуе н ырғағымен орындарында адымдап жүру.	затты атап, дауысты дыбысты бөліп айту. Жаңылтпаш жаттау («Ата, ата, балта әкел»).		
			Ұлттық ойын: «Соқыр теке». Мәдени-гигиеналық дағды: Тамақтан соң ауызды шаю.	Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу Құрастыру «Күзгі бақшада» Сурет салу: Балалар бояумен ағашқа ілінген алмаларды		
			Сауықтыру шарасы: «Жапырақты тербету» (қолды жоғары көтеріп, тыныс алу).	салады (қылқаламды көлденең, тігінен ұстау). Мүсіндеу: Ермексаздан сәбіз, қияр сияқты көкөністерді пішіндеу.		
				Жапсыру: Қайшымен қиып алынған жапырақтарды суреттің айналасына		

		жапсыру. Құрастыру: Конст руктордан бақшаның шарбағын құрастыру.	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру		
Серуен			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).		
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.		

	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап	Үй жануары мысық, ит қалай дыбыстайды даусынан тану дыбысты қайталауды дамыту	Көлеңке театрымен таныстыру, көлеңке театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды	Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, ана, әке бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйретуді пысықтау (Көркем әдебиет)	Топтағы табиғат бұрышын тамашалатуды үйрету. (Қоршаған әлеммен таныстыру) Үстел үсті театры	

көрісу және басқалары)		(Тіл дамыту және көркем әдебиет)	үйрету (Көлемге театры) Құм терапиясы Құм терапиясымен таныстыру, құммен ойнаудың алғашқы техникасын үйрету.	ойыншықтармен ойынойнауды жетілдіру (Құрылыс ойындары)	Үстел театрымен таныстыруды жалғастыру, кейіпкер аттарын қайталану.
Балалармен жеке жұмыс		«Мен және менің атым» Баланың өзін таныстыруына жағдай жасау (аты-жөні, жасы). Сөздік қорын дамыту (сұрақ-жауап ойыны: «Сенің атын кім?», «Жасың нешеде?»). Ұсақ моторика: сурет дәптеріне өз атын бастырып салғызу (тәрбиеші	«Түстер әлемі» Негізгі түстерді (қызыл, көк, жасыл, сары) ажыратуға жеке жұмыс. «Қай түс?» ойыны: тәрбиеші бір түсті көрсетеді, бала атайды. Жеке балаға түрлі түсті қарындаш беріп, дұрыс қолдануға үйрету.	«Сандар досымыз» 1–3 сандарына жеке-жеке үйрету. Саусақпен, ойыншықпен санау. «Қанша ойыншық бар?» ойыны арқылы санау дағдысын дамыту.	«Тіл дамыту» Әр баламен қысқа әңгіме: «Отбасым», «Менің сүйікті ойыншым». Сөздік қорын толықтыру, сөйлем құрастыруға үйрету. «Сурет бойынша әңгімеле» әдісі: суретті көрсетіп, балаға 2–3 сөйлем айтқызу.

		көмегімен).			
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Эстафеталық лабиринт» Мақсаты: Ептiлiк, бағдарлау және уақытпен жарысу қабiлетiн арттыру. Шарты: Балалар ар кезекпен лабиринттен өтiп, таяқшаны ойыншыға бередi.	«Ғарыш сапары» Мақсаты: Қиялды, бағыт-бағдар сезiмiн дамыту. Шарты: Балалар «ғарыш кемесi» рөлiнде станциялардан өтедi, әр станцияда тапсырма орындайды (секiру, еңбектеу, лақтыру).	«Кодты жеткіз» Мақсаты: Жүгiру жылдамдығы мен зейiндi дамыту. Шарты: Бiр бала «код» (қағаз) алып, кедергiлерден өтiп командаласына жеткiзедi, команда оны әрi қарай жалғастырады	«Мылтықсыз мергендер» Мақсаты: Дәлдiк, көз мөлшерiн және қол бұлшық етiн дамыту. Шарты: Балалар допты немесе қапты нысанаға дәл тигiзедi, әр түрлi қашықтықтан.	

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, колөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).